
Пресс-релиз

Астана қ., 13 желтоқсан 2013 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ Атасу-Алашаңқой магистральді мұнай құбырының жаңа екі мұнайды қайта айдайтын станцияларын пайдалануға беретіні туралы хабарлайды.

«ҚазТрансОйл» АҚ 2013 жылы 13-14 желтоқсанда «Қазақстан-Қытай құбыр желісі» ЖШС «Атасу-Алашаңқой» магистральді мұнай құбырының №8 МАС және №10 МАС-ын пайдалануға алады. Осы өндірістік объектілерінің жұмысының басталуы «Атасу-Алашаңқой» магистральді мұнай құбырының қуатын жылына 20 млн. тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік туғызады.

Жаңа екі МАС-тың салынуы Қазақстан-Қытай магистральді мұнай құбырлар жүйесі құрылысының екінші кезеңінің екінші кезегі шеңберінде жүзеге асырылды. Объектілер құрылысының қаржыландырылуы «Қазақстан-Қытай құбыр желісі» ЖШС қаражатының есебіне жүзеге асырылды. №8 МАС құрылысына шыққан шығын 9,3 млрд. теңгені құрады, ал №10 МАС - 11,6 млрд. теңге (бәрі ҚҚС-сыз).

МАС-тың өндірістік объектілері диспетчерлік бақылау мен басқарудың автоматтандырылған жүйелерімен (SCADA), электр қуатының коммерциялық есебімен (ЭБЕАЖ), өрт пен газ хабарлағышымен қамтылған. Технологиялық, әкімшілік және тұрмыстық үйлері мен құрылыстарының кешені еңбекті ұйымдастыру мен өндірістік қауіпсіздіктің қазіргі талаптарына сәйкес. Жаңа объектілерде 124 жаңа тұрақты жұмыс орындар пайда болды. Қызметкерлерінің жартысы керекті оқу мен дайындықтан өткен жергілікті тұрғындарынан алынды.

Атасу-Алашаңқой магистральді мұнай құбыры Қазақстан-Қытай мұнай құбырлар жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Атасу-Алашаңқой магистральді мұнай құбырының иеленушісі «Қазақстан-Қытай құбыр желісі» ЖШС болып табылады – «ҚазТрансОйл» АҚ мен CNOOC бірлескен кәсіпорыны.

Атасу-Алашаңқойдың бойымен 2006 жылы іске қосу кезеңінен бастап 2012 жылдың соңына дейін 52,1 млн. тонна мұнай тасымалданды. Осы жылдың 11 ай ішінде Атасу-Алашаңқой МҚ мұнайды ауыстырып құю көлемі 10,9 млн. тоннаны құрады.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Инвесторлармен байланыс қызметі**